


# Көбелек сабағы

*Бірде бір адам  
келе жатып өз  
қуыршағынан  
шығуға тырысқан  
көбелекті көріп  
таң қалады.*

*Оның  
таңырқазандығы  
соншалықты,  
бірнеше сағат  
көбелекті  
тапжылмай  
тұрып  
қадағалайды.*





*Біраз уақыт өткен  
соң көбелек  
шаршағандай  
сыңай танытып,  
қозғалыссыз  
қалды.*

*Сырт қараған  
адамға көбелек  
қолынан келгеннің  
бәрін жасаған,  
одан әрі еш  
шамасы жоқтай  
көрінді.*

*Сол кезде адам  
көбелекке көмектеспек  
болып, қолына пышақ  
алды да, қуыршақты  
кесіп жіберіп еді,  
көбелек атып шықты.*

*Бірақ оның денесі әлсіз,  
қанаттары  
қатаймаған еді.*





*Адам  
көбелектің  
қанаты  
ашылып,  
ұшып кетеді  
деген сеніммен  
қадағалауды  
жалғастыра  
берді.  
Бірақ ол бола  
қоймады!*




*Ендігі кезде  
көбелектің басына  
қалған өмірін  
қанатын сүйретіп  
өту жазылды.  
Ол енді ешқашан  
ұша алмайтын  
болды.*

*Мұның бәріне  
көбелектің  
кедергіден өз  
бетімен жол  
табуына мүмкіндік  
бермеген адам  
кінәлі еді.*

*Көбелек  
қуыршақтың  
ішінен өз бетімен  
шыққанда ғана  
еркін дамып, өсе  
алады екен.*



*Оқудағы  
кедергілерді  
шешу үшін  
балаларға  
табандылық  
пен  
шыдамдылық  
қажет.*





*Оқушылардың оқудағы кедергілерді өз бетінше  
шешуіне мүмкіндік беріп, қолынан  
келетіндігіне сенім білдіру – ұстаз міндеті*